ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 маусым №4360-23-00-2/964 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«ErLineGroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі С. Ильясова
жауапкер Е. Лесбекұлы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 30 наурызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №129 тауарларды мемлекеттік сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және 1, 2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 12 732 400 теңгеге 23 орама түрі UTP мамандандырылған кабель, 118 дана мамандандырылған жүйе байнебақылау, 7 дана арнайы бұранда, 1 дана желілік бейнерегистратор (64 порт), 8 дана желілік коммутатор, 7 дана қатқыл диск, 6 дана желілік бейнерегистратор (32 порт) тауарларын, Шарт жасасқан күннен бастап 15 күн ішінде, яғни 2023 жылғы 14 сәуірде талап қоюшыға жеткізуге міндеттенген.

2023 жылғы 31 наурызда талап қоюшыға хат жолдап Шарт бойынша жеткізілуі тиіс тауарлардың нарықта жоқтығы көрсетіп, қосымша келісім жасауды сұраған, өз кезегінде 2023 жылы 10 сәуірде талап қоюшы жауапкерге

заңды негіздердің болмауына байланысты қосымша келісім жасаудан бас тартқан туралы хат жолдаған.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талабымен сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 267 422 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбады.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою уәждерін қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкер талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, себебі Шарт бойынша міндеттемесінен бас тарпайды, тиісінше, уақытылы және сапалы орындауға мүделлі, техникалық ерекшілікте көрсетілген материалдар Қазақстан Республикасы нарығында жоқ екенін көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшының 1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша тауарды белгіленген мерзімде талап қоюшыға жеткізбеген, яғни шарттық міндеттемесінен орындамаған.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Талап қоюшының 2 талабы бойынша.

АК-нің 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3.-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 22.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.08.2023, судья Умарсирикова С. С., 13.09.2023
4360-23-3-1/1032

орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Талап қоюшы жауапкерден өз міндеттерін орындамауына байланысты 2023 жылғы 15 сәуір мен 5 мамыр қоса есептегенде 267 422 (12 734 400*0,1%*21 күн) теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сондықтан, көрсетілгендерге байланысты шарттың 7.3.-тармағына сай, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 267 422 теңге тұрақсыздық айыбын өндірілуге және қанағаттандырылған бөлігінен 3% - 8 023 теңге АПК-нің 109-бабына сәйкес сот шығыны төленген мемлекеттік баж сомасы қоса талап қоюшыға өндірілуге жатады деп сот есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ErLineGroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ErLineGroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 267 422 (екі жүз алпыс жеті мың төрт жүз жиырма екі) теңге және мемлекеттік баж 8 023 (сегіз мың жиырма үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер «ErLineGroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 22.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.08.2023, судья Умарсирикова С. С., 13.09.2023

4360-23-3-1/1032

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 22.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.08.2023, судья Умарсирикова С. С., 13.09.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

4360-23-3-1/1032